

**«6D021300 – Лингвистика» мамандығы бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Құрманбаева
Ақмарал Жұмаділлақызының «Сұлулық индустриясы терминжүйесінің
қалыптасуы» атты диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің**

СЫН-ПІКІРІ

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және оның жалпы ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен байланысы.

Құрманбаева Ақмарал Жұмаділлақызының диссертациялық жұмысының өзектілігі мына жайттармен байланысты анықталады:

1. Қазіргі қоғамдағы жаңа өзгерістер тілдік танымның ауқымын кеңейтіп, қалыптасқан тұжырымдар мен көзқарастарға жаңаша қарауға жетелейді. Яғни бұрында қалыптасқан теорияларға бүгінгі күн тұрғысынан талдау жасап, мазмұнын байытып, соны пікірлер мен пайымдаулар жасатып отыр. Сондай мәселенің бірі – қазақ тіл біліміндегі терминтаным теориясы. Тілші-ғалымдар назарын ерекше аударған бұл мәселе қазақ тіл білімінде жан-жақты қаралыстырылып келеді. Бірақ терминологиядағы терминологиялық жүйе қалыптасу тетігі осы күнге дейін зерттеу нысанына айналмауы – диссертациялық жұмыстың өзектілігінің бірі;

2. Қазақ терминологиясының мағыналық, танымдық, прагматикалық қырлары соңғы зерттеу еңбектерде термин табиғатын айқындау мақсатында қарастырылды. Ал әлі толық қалыптаса қоймаған терминологиялық жүйені семасиологиялық аспектіде, нақтырақ айтсақ сұлулық индустрия терминологиялық жүйесінің семасиологиялық тұрғыдан талдануы зерттеу өзектілігінің болмысын танытады;

3. Терминологиялық өріс пен терминологиялық жүйені бір-бірімен тығыз байланыста қарастырып және оларды ажырата отырып, тіл қызметінің әлеуметтік және кәсіби салаларындағы терминжасам процестерді жеке алып, арнаулы ұғымдардың терминжасам амал-тәсілдерін адам қызметінің нақты салаларындағы концептуалдық білімдердің кодқа салынуы мен терминологиялық бірліктердің тілдік белгілеу құралдары ретінде қарастырылуы да болашақта арнаулы лексика мен оның өзегін құраушы терминологияның, ғылыми-техникалық процестің үдемелі қозғалысын, құбылмалы, динамикалық сипатын айқындауға мүмкіндік беретіндігі сөзсіз.

Құрманбаева Ақмарал Жұмаділлақызының зерттеу жұмысы қазақ тіліндегі терминологиялық жүйе қалыптасуының ғылыми-теориялық сипатын семасиологиялық аспектіде анықтауға бағытталған. Құрманбаева Ақмарал Жұмаділлақызы жалпы терминологиялық жүйе теориясын қарастыруда терминжасам ерекшеліктерін анықтау негізінде терминологиялық жүйе қалыптасу кезеңдерін, түрлері мен принциптерін, терминдердің уәждемелік сипатын, типологиясын анықтайды. Сонымен бірге ізденуші қазақ тіліндегі терминологиялық жүйені зерттеуде қазіргі тіл біліміндегі жетістіктерге сүйенеді: атаудың негізінде ұғымды талдау, терминжасам процесіндегі басты

категорияларды анықтау, терминдерді сөзжасамдық, семантикалық, морфологиялық, синтаксистік т.б. талдануы сияқты үлгілері анықталды.

Диссертациялық жұмыс терминге қатысты ғылыми және практикалық материалдармен толығып, терминологиялық зерттеудің жаңаша қырының ашылуына көмектеседі. Диссертациялық жұмыстың жалпы сипаты, көлемі мен мазмұны, стилі, тілі, сілтеме берген әдебиеттердің саны, оны пайдалануы және қорытындысы диссертациялық талаптарға сай келеді. Зерттеу жұмысы қазіргі лингвистикалық ғылым сұранысынан туындай отырып, ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалардың талаптарына толығымен сәйкес келеді.

2. Диссертацияға қойылатын талап деңгейіндегі ғылыми нәтижелері.

Ізденуші диссертациялық жұмыста бірқатар ғылыми нәтижелерге қол жеткізілген:

1-нәтиже. Қазіргі тілтанымның басты стратегиялық бағыттарының бірі пәнаралық болып танылып жүргені белгілі. Ал адамзат үнемі өзі қоршаған әлемді түсінуге, білім қоры жинақталған деңгейіне сәйкес табиғат құбылыстарын түсіндіруге, белгілі бір ғалам бейнесін жасауға талпыныс жасап келген. Сондықтан да қазіргі кезде қалыптасқан түсінік бойынша «ғалам бейнесі» өте күрделі құбылыс және оны зерттеу үшін кешенді, пәнаралық әдіс қажет. Осыған сәйкес, диссертацияда жүйеаралық сипатындағы терминдер төмендегідей шарттармен түсіндірілген: сұлулық индустриясының пәнаралық сипаты; басқа салалардан алынған терминдер жаңа жүйе шеңберінде семантикалық өзгерістерге ұшыраған; өзінің дыбыстық және графикалық формасын сақтап қалған.

2-нәтиже. Сұлулық индустриясы ғылым мен білімнің жаңа бір саласы ретінде анықталып, ал оның терминологиялық жүйесін ашық және қазіргі таңда қалыптасу барысында деп тұжырымдалған. Ол үнемі жаңа терминдермен толығып отырғандығына қарамастан, негізгі терминологиялық және ұғымдық базасы ғылыми қолданыстағы тұрақтылығымен ерекшеленеді.

3-нәтиже. Терминжасам амал-тәсілдеріне қатысты термин-сөзден гөрі термин-сөз тіркесі басым, өнімді тәсіл синтаксистік тәсіл екендігі көрсетілген. Ал бұл, өз кезегінде ұғымдар жүйесінің даму үстінде болуының айқын көрінісі.

4-нәтиже. Сұлулық индустриясы терминдері бастапқыда заттық категориясымен бастап қалыптасып, кеңінен бұл саланың қарқынды дамуына орай, үдерістік категорияны білдіретін терминдер қабатының пайда болуы терминологиялық жүйе дамуының қисынды дәлелі болып саналады.

5-нәтиже. Сұлулық индустриясы терминологиясында кірме терминдер басым болуына қарамастан, басты базалық ұғымдар ұлттық тіл негізінде жасалған.

3. Ізденуші диссертациясында тұжырымдалған әрбір нәтиженің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделуі және шынайылық дәрежесі.

Диссертацияның теориялық тұжырымдары қазақ орыс және тіл біліміндегі ғалымдардың ой-пікірлеріне сүйене отырып жасалған.

Құрманбаева Ақмарал Жұмаділлақызының «Сұлулық индустриясы терминжүйесінің қалыптасуы» тақырыбына жазылған диссертациялық жұмысына қатысты зерттеу материалдары әдістемелік тұрғыдан дұрыс пайдаланылған. Жұмысты жазу барысында орыс тіл біліміндегі: А.А. Реформатский, В.П. Даниленко, В.М. Лейчик, А.В. Суперанская, Е.С. Кубрякова, А.А. Уфимцева, Г.О. Винокур, М.Н. Володина, Д.С. Шелов, С.В. Гринев-Гриневиц, Д.С. Лотте және т.б.; қазақ тіл білімінде: Ә.Қайдар, Ө.Айтбайұлы, Ш.Құрманбайұлы, Е. Әбдірәсілов, А.Х. Азаматова, А.М. Ахметбекова т.б. ғалымдар еңбектеріндегі теориялық тұжырымдар басшылыққа алынған.

Диссертацияның үш тарауында тұжырымдардың мазмұны ашылған. Зерттеу жұмысының түйіндері, тұжырымдары тиянақты, дәлелді. Тақырыпқа байланысты қазақ тіл біліміндегі теориялық материалдар толық қамтылған. Ізденушінің зерттеу еңбегіне әртүрлі деңгейдегі теориялық еңбектерді пайдаланғандығы диссертацияның негізделу және шынайылық дәрежесін растайды. Диссертацияның тарауларының арасында ғылыми байланыс пен мазмұндық, мағыналық үйлесім бар. Құрманбаева Ақмарал Жұмаділлақызының диссертациялық зерттеу жұмысы бойынша жасаған қорытындысы мен тұжырымдарының жаңалық дәрежесі жоғары және нақты.

1-нәтиже шынайы. Ізденуші сұлулық индустриясы терминдерінің пәнаралық сипатын дүниетаным үдерісіндегі ғылымдардың өзара әрекеттестігінің амал-тәсілдері арқылы түсіндіріп, аталған терминжүйе адам білімінің мынадай салаларының өзара әрекеттестігі нәтижесінде пайда болған: химия, медицина, фармацевтика, косметология, спорт, техника, биология және т.б. Сондықтан терминдердің басым көпшілігі осы ғылым, білім салаларынан алынған деп пайымдайды.

2-нәтиже шынайы. Сұлулық индустриясы терминологиялық жүйесіне қатысты негізгі ұғымдық базасының ғылыми қолданыстағы тұрақтылығы көптеген мысалдармен дәйектелген.

3-нәтиже шынайы. Аталған нәтиже тікелей екінші нәтижемен тығыз байланысты. Себебі, жаңа терминологиялық жүйенің тірек терминдері қаншалықты ғылыми қолданыстағы тұрақтылығына қарамастан, көптеген материалды сұрыптау нәтижесінде айқындалған сипаттамалы терминдердің саны дегенмен, ұғымдар жүйесінің даму үстінде болуын айқындайды.

4-нәтиже шынайы. Ғылыми әдебиттерде қалыптасқан жіктелім бойынша терминологиялардың төмендегідей мағыналар жүйесі ажыратылып көрсетіледі: заттық категория; үдерістік категория; жағдаяттық категория; режимдік категория; өлшемдік категория; шама категориясы; ғылым және оның салаларының категориясы; кәсіптер мен жұмыс категориясы. Ең алғашқысы заттық категория екені терминтаным ғылымында қалыптасқан қағидаға сәйкес тұжырымдалған.

5-нәтиже шынайы. Сұлулық индустриясы терминологиясының базалық ұғымдары ұлттық тіл негізінде жасалуы, ең алдымен ұлттық терминқор қалыптастырудың ішкі көзі өз тілінің лексикалық байлығы мен сөзжасам тәсілдері болатынымен сипатталады. Бұл барлық ұлттық тілдерге қатысты.

Екіншіден, кірме термин мен өз тілінде жасалған терминнің өзара бәсекелестігінде ұлт тілі негізінде жасалған термин әрқашанда басым болатыны ғылыми-теориялық тұрғыдан әбден дәлелденген.

4. Изденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтиже мен қорытындының жаңашылдық деңгейі.

Диссертацияда дәйектелген ой-тұжырымдар мен ғылыми пайымдаулардың қазақ терминологиясының дамуына қосар өз үлесі бар. Зерттеу жұмысы бойынша жасалған қорытындысы дәйекті, жиналған арнаулы терминология саласындағы терминологиялық жүйе қалыптасуының сипатын ашуға бағытталған деректері мол, ғылыми негізде, терминжасам тұрғыда талданып сараланған, атап айтқанда:

диссертациялық жұмыстың *бірінші жаңалығы* деп атап көрсететін нәрсе – нақты бір салаға қатысты терминологиялық жүйе қалыптасуының тетігі алғаш рет зерттеу нысаны ретінде қарастырылып, оған кешенді талдау жасалынған;

екінші жаңалығы – қазақ тілінде алғаш рет сұлулық индустриясының терминологиялық жүйесін құрайтын терминдер корпусы анықталып, терминологиялық өрісінің көлемі мен құрамы сипатталған;

үшінші жаңалығы – аталған сала терминдерінің негізгі терминжасам амал-тәсілдерінің ерекшеліктері де алғаш сөз болып отыр;

төртінші жаңалығы – алғаш рет сұлулық индустриясына қатысты қазақ терминдерінің негізгі тақырыптық топтары және жұмсалым үдерісі барысындағы басты өзгерістері сипатталған;

бесінші жаңалығы – бірінші рет арнаулы терминологияның қалыптасу тетігі көрсетіліп, кірме терминдер мен ұлттық тіл негізінде жасалған терминдердің ара жігі ажыратылып, үлес салмағы мен басты ерекшеліктері айқындалған.

Сараланған нәтижелер негізінде терминологиялық жүйе қалыптасуының сипаты, негізгі түрлері мен белгілері, терминжасам ерекшелігі, терминологиялық жүйе типологиясы, семантикалық-құрылымдық сипаты, терминологиядағы алатын орны, қалыптасу кезеңдері нақты тілдік деректер мен дереккөздер негізінде дәйектелген. Зерттеудің құрылымы, мазмұны, көлемі, ғылыми әдебиеттерді пайдалану дәрежесі, зерттеу барысында жасалған тұжырым-түйіндері және нәтиже-қорытындылары, рәсімделуі диссертацияларға қойылатын талаптарға сай келеді.

5. Алынған нәтижелердің практикалық және теориялық маңыздылығы.

Жұмыстың теориялық мәні мен практикалық құндылығы ішкі бірлікте сабақтасқан. Диссертациялық зерттеу жұмысының негізгі мазмұны мен нәтижелері, тұжырымдары мен қорытындысы қазақ тілінің терминология саласының қағидалары мен тұжырымдарын нақтылауға, толықтыруға, тереңдетуге бағытталған. Зерттеу жұмысының ғылыми нәтижелері қазақ тілін когнитологиялық, терминжасамдық, сөзжасамдық, номинациялық тұрғыдан қарастыру кезінде септігін тигізеді.

Зерттеу жұмысында алынған нәтижелер лексикология, лексикография

салалары бойынша, терминдердің танымдық және уәждік табиғатын айқындау үшін қолдана алады. Қазақ тіліндегі терминдер бойынша арнаулы курстар оқуда, лексикология, сөзжасам, семантика, терминшығармашылығы теориясы салаларынан дәріс беруде пайдалана алады. Сондай-ақ оқу бағдарламаларын, оқу құралдары мен оқулықтар жазу барысында да қолдануға болатындығымен анықталады.

6. Диссертация мазмұнындағы және рәсімдеуіндегі кемшіліктер мен ұсыныстар.

Жұмыстың осындай жетістіктерімен қатар, мынандай ескертпелер мен ұсыныстарды атап өткенді жөн көрдік:

1. Диссертациялық жұмыстың бірінші тарауында (17-18-19 бб.) терминтанымның басты категориялары, атап айтқанда: терминология, терминологиялық жүйе, терминологиялық өріс ұғымдары жан-жақты талданып, нәтижесінде: *«Сондықтан да терминологиялық жүйе мен терминологиялық өріс ұғымдары сәйкес келеді деген көзқарасты жоққа шығаруға болады, өйткені соңғысы ондағы элементтер арасындағы байланыстарды орнату үшін қажет»* - деген қорытынды жасалған (18 б.). Дұрыс! Өйткені соңғы кездері терминолог ғалымдар (мысалы, Э.А. Натансон, Л.В. Морозова т.б.) терминологиялық өрісті «қандай да бір білім саласына қатысты (бірнеше, бірқатар) терминжүйелердің жиынтығы» ретінде анықтап жүргені белгілі. Сондықтан да диссертациялық жұмыста сұлулық индустриясы терминологиялық жүйе ретінде алынғанымен, талдауға келгенде «сұлулық салоны» мен «косметикалық құралдар» деп шектеу жасалған. Осы орайда айтайын дегеніміз – зерттеу тақырыбы нақтылана түскенде жұмыстың нәтижелері де одан да ұтымдырақ болар еді.

2. Осыған байланысты тағы да айқындауды қажет ететін мәселелердің бірі – терминология мен терминологиялық жүйенің арақатынасы. Себебі терминтаным саласына қатысты ғылыми әдебиеттерде оларды келесі түрде ажырату дәстүрі әбден қалыптасқан: «терминология – стихиялы түрде дамып жатқан құрылым», ал «терминологиялық жүйе – саналы, мақсатты түрде реттелген, біріздендірілген жүйе». Осы ретте диссертациялық жұмыста талдауға алынған материалдың басты ерекшелігі – ешбір терминологиялық сөздіктерде тіркелмегендігі. Яғни бұл – белгілі бір дәрежедегі стихиялылықтың белгісі деп түсінеміз. Аталған мәселеге қатысты нақты пікіріңізді келтірсеңіз?

3. Диссертациялық жұмыс терминжүйе қалыптасуының статикалық табиғатын талдауға бағытталған. Алайда тақырыпқа сәйкес терминжүйе қалыптасуының динамикалық ерекшеліктері басты назарға алынғанда, басқаша айтқанда семасиологиялық емес, керісінше ономасиологиялық аспектіде, терминжасам емес, терминологиялық аталым тұрғысынан қарастырылғанда жұмыс құндылығы арта түсер еді.

4. Зерттеу материалын жинақтау барысында тек каталог, журнал немесе әлеуметтік желілердегі тілдік бірліктермен ғана шектелмей, сонымен қатар түрлі «сұлулық салондарында» қызмет ететін мамандарды респондент ретінде сауалнамаға тарту арқылы көптеген тілдік фактілерге қол жеткізуге болар еді.

Себебі көп жағдайда өзге тілді терминдерге ұлт тілінде балама іздеу барысында қытайдан келген қандастарымыздың тілдік қорына жүгінетініміз баршамызға белгілі. Ал осы Алматы қаласының өзінде де мұндай Қытай косметикалық амал-тәсілдерін, әдістемесін т.б. қолданатын орталықтар жеткілікті және олардағы қызмет етуші персоналы да ұлты қазақ сол ел тұрғындарынан жасақталған. Біздің ойымызша бұл зерттеудің эмпирикалық әлеуетін күшейте түсер еді.

5. Жалпы терминология арнаулы лексиканы зерттейтін сала ретінде лексикологиямен және концептологиямен тығыз байланысты болып келеді. Сол себепті де соңғы кездері ғалымдардың еңбегіне сүйенетін болсақ, салалық терминология – ғаламның тілдік бейнесінің нақты деректерін білдіретін арнаулы концептер жиынтығын айқындаушы ұйымдасқан ерекше таңбалар жүйесі ретінде анықталып жүргені белгілі және осыған сәйкес термин дегеніміз – күрделі көп қабатты құрылым, ал бұл құрылымның өзегін ерекше концептілік, функционалды және формалды құрылымдардан тұратын терминологиялық маңыз құрайды. Сондықтан да жұмыста аталған терминжүйені ғаламның ғылыми бейнесінің бір бөлшегі ретінде ұлттық тілде қалыптасуына негіз болған қазақ тіліндегі басты концептуалдық құрылымдардың қарастырылуы зерттеудің нәтижелерін нақтылай түсер еді.

Аталған ескертпелер мен ұсыныстар жұмыстың құндылығына айтарлықтай нұқсан келтірмейді. Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері айқын, практикалық құндылығы жоғары. Ізденуші зерттеу жұмысында құнды нәтижелерге қол жеткізген.

7. Диссертация мазмұнының Ғылыми дәреже беру Ережелерінің талаптарына сәйкестігі.

Құрманбаева Ақмарал Жұмаділлақызының «Сұлулық индустриясы терминжүйесінің қалыптасуы» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы жоғары теориялық деңгейде аяқталған, жаңа зерттеу әдістерін тиімді пайдаланған, ғылыми нәтижелерін көрнекі түрде көрсете білген, қазақ тіл білімінде терминологиялық жүйе қалыптасуы мәселесін арнайы қарастырған, терминжасам, терминтаным теориясына өзіндік үлес қосқан зерттеу, практикалық маңызы бар жұмыс деп есептейміз.

Диссертациялық жұмыс ғылыми деңгейде орындалған өзекті зерттеу болып табылады, «6D021300 – Лингвистика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін қойылатын талаптар мен ережелерге толық жауап береді, Құрманбаева Ақмарал Жұмаділлақызы PhD докторы дәрежесін алуға лайықты деп есептеймін.

Ресми рецензент:
филология ғылымдарының
докторы, қауымдастырылған профессор



Қ.Ж.Айдарбек